

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ
МҰҒАЛЖАР АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
«ЕМБІ ҚАЛАСЫНЫҢ МЕКТЕП
ЖАНЫНДАҒЫ ИНТЕРНАТЫ БАР
№7 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА
МЕКТЕБІ» КММ
БҰЙРЫҚ



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
КГУ «ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДНЯЯ
ШКОЛА №7 С ПРИШКОЛЬНЫМ
ИНТЕРНАТОМ ГОРОДА ЭМБА»
ГУ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
МУҒАЛЖАРСКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКТИОБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»
ПРИКАЗ

031300, Мұғалжар ауданы, Ембі қаласы, Әйтеке би көшесі 21, ф 22-1-45; тел:22-6-45; e mail:mushkata7sh
031300, Мугалжарский район, город Эмба, ул.Айтеке би 21, ф 22-1-45; тел: 22-6-45; e-mail:mushkata7sh

«24» мамыр 2024 жыл

№ 85

2023-2024 оқу жылын аяқтау туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы №304, 2008 жылғы 18 наурыздағы №125, 2023 жылғы 13 сәуіріндегі №96, 2024 жылғы 13 мамырдағы №103, облыстық білім басқармасының №252, Мұғалжар аудандық білім бөлімінің 2023-2024 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында 2024 жылғы 23 мамырдағы №1-481 бұйрықтарын негізге алып

Бұйырамын:

- 1-11 сыныптарда оқу сабақтары 2024 жылғы 24 мамырда аяқталсын.
- МАД оқу жылы 2024 жылғы 31 мамырда аяқталсын.
- 5-8, 10 кластарда аралық аттестаттау 27.05, 30.05 күндері өткізілсін.
- 9 кластарда білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары – 2024 жылдың 29 мамыр - 10 маусым аралығында өткізілсін:
 - қазақ тілінен эссе нысанында жазбаша емтихан – 2024 жыл 29 мамыр;
 - математикадан /алгебра/ жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2024 жыл 3 маусым;
 - орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2024 жыл 6 маусым;
 - таңдау пәнінен жазбаша емтихан – 2024 жыл 10 маусым.
- 11 кластарда мемлекеттік бітіру емтихандары 28 мамыр-11 маусым аралығында өткізілсін:
 - қазақ тілі бойынша жазбаша емтихан – 2024 жыл 28 мамыр;
 - алгебра және анализ бастамаларынан жазбаша емтихан /бақылау жұмысы/ – 2024 жыл 31 мамыр;
 - қазақстан тарихынан ауызша емтихан – 2024 жыл 4 маусым;
 - орыс тілінен жазбаша емтихан – 2024 жыл 7 маусым;
 - таңдау пәнінен жазбаша емтихан – 2024 жыл 11 маусым.
- 2023-2024 оқу жылын аяқтау, қорытынды, мемлекеттік бітіру емтихандарын өткізу мақсатындағы ұйымдастыру іс-шаралары

Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі №88 және 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрықтарының талаптарына сәйкес жүргізілсін.

7. Ақтөбе облысының білім басқармасының 2024 жылғы 14 мамырдағы №247 шығыс хатын негізге алып оқыту сапасын арттыру, білім алушылардың, оның ішінде оқу үлгерімі төмен білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды қалпына келтіру, білімін толықтыру мақсатында 27 мамыр-31 мамыр аралығында 1-8, 10 класс білім алушылары үшін «Жазғы мектеп» ұйымдастырылсын.
8. Білім беру ұйымдарында ағымдағы жылғы 25 мамыр күні оқу жылын аяқтау, 12-15 маусым күндері жалпы орта білім туралы аттестаттарды тапсыру шаралары мектеп қабырғасында өткізілсін. Әр білім алушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілсін.
9. Жалпы орта білім беру ұйымдарында ата-аналардан қаражат жинамау мәселесі туралы түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, қатаң тыйым салынсын.
10. Ұлттық білім беру деректер қоры мен «Білім класс» жүйесінің уақытылы, сапалы толтырылуы, жылдық, қорытынды бағалардың уақытылы қойылуы қадағалансын.
11. Қорытынды аттестаттау емтихандары кезінде оқу кабинеттерінде білім алушылар үшін санитарлық талаптардың орындалуы қадағалансын.
12. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау оқу ісінің орынбасары А.А.Ильясоваға жүктелсін.

Ембі қаласының мектеп жанындағы
интернаты бар №7 ЖББОМ-нің мектеп директоры



А.Ж.Достанова

